

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 28 наурыздағы № ДС-134

Құрметті депутаттар!

Сіздердің «Дипломмен – ауылға!» жобасының (бұдан әрі – Жоба) іске асырылуына қатысты депутаттық сауалдарыңызға мынаны хабарлаймын.

Жоба шеңберінде ауыл шаруашылығы мамандарын тұрғын үймен толықтай қамтамасыз етуге және оларға берілетін көтермеақы көлемін 10 миллионға дейін ұлғайтуға қатысты

Жоба¹ шеңберінде көтерме жәрдемақы немесе тұрғын үйге бюджеттік кредит алу кезінде әлеуметтік қолдау шараларын көрсету мамандар берген өтініштердің (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен және ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері бағыттары бойынша) негізінде жүзеге асырылады.

2009–2023 жылдар аралығында Жобаны іске асыру кезеңінде берілген өтініштерге сәйкес 105 мыңнан астам маман (оның ішінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы 3,6 мың маман) әлеуметтік қолдау шараларын алды (біржолғы көтерме жәрдемақы және/немесе тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік кредит).

2023 жылы агроөнеркәсіптік кешен мамандықтарының саны 9-дан 24-ке дейін ұлғайтылды (оның ішінде ветеринариялық техник, ветеринариялық дәрігер, ветеринариялық фельдшер, зертхананың ветеринар дәрігері мамандықтары бар)².

Жоба шеңберінде көрсетілетін шараларды күшейту мақсатында 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрғын үй сатып алуға немесе салуға арналған бюджеттік кредиттің мөлшері аудан орталықтары үшін **1500 АЕК-тен (5,2 млн теңге) 2500 АЕК-ке (9,2 млн теңге)** дейін және қалған ауылдық

¹ «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бұйрығына сәйкес.

² Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 8-2/230 бұйрығына сәйкес

елді мекендер үшін **2000 АЕК-ке** (7,4 млн теңге) дейін ұлғайтылды (15 жылға дейін сыйақы мөлшерлемесі 0,01 %)³.

Өз кезегінде, агроөнеркәсіптік кешен мамандарына жергілікті бюджет қаражаты есебінен бөлінетін көтерме жәрдемақы мөлшерін (қазіргі уақытта 100 АЕК немесе 369 мың теңге) 10 млн теңгеге дейін ұлғайту, оны Жоба шеңберінде басқа мамандықтар бойынша ұлғайтуды талап етеді және бюджетке айтарлықтай жүктеме түсіреді.

Бұл ретте еліміздегі төтенше су тасқыны жағдайында зардап шеккендерге мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қажеттігіне байланысты бюджет қаражатын үнемдеу қажеттігі туындайды.

Қаулыға⁴ сәйкес денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша кемінде 25% жоғарылатылған айлықақы (тарифтік мөлшерлемелер) белгіленгенін атап өткен жөн.

Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдар «Ауыл аманаты», «Бірінші жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты», «Күміс жас» және т.б. жобалар шеңберінде түрлі мамандарға қолдау шараларын жүзеге асырады.

Тапсырыс беруші, оқу орны және талапкер арасында үшжақты шарт белгілеуге қатысты

«Білім туралы» Заңға сәйкес жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға бөлінген мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде барлық тараптардың міндеттемелерін көрсете отырып, үш жақты шарттар (ЖАО – ЖОО – білім алушы) жасасады.

Сондай-ақ республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру⁵ тапсырысының ауылдық квотасы шеңберінде ЖАО білім алушылармен үш жақты шарттар жасасады.

Қазіргі уақытта жаңа қаржыландыру тетіктерін және жетекші шетелдік университеттермен әріптестікті ескере отырып, отандық жоғары оқу орындарының академиялық және ғылыми әлеуетін күшейту бойынша жұмыс жүргізілуде, оның шеңберінде Сіздер көтеріп отырған мәселелерді ескере отырып, кәсіптік бағдарлау жұмысын, жұмыс берушілермен әріптестікті күшейту жөніндегі одан әрі тетіктер айқындалатын болады.

Ауыл шаруашылығы ғылымын дамыту мақсатында ауылдан шыққан түлектерге «Болашақ» бағдарламасы арқылы оқулары үшін жеңілдіктер беруге қатысты.

2020 жылдан бастап «Болашақ» бағдарламасы бойынша соңғы 2 жылда ауылдық елді мекенде тұратын және еңбек қызметін жүзеге асыратын

³ Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №126 бұйрығымен бекітілген.

⁴ «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы.

⁵ Ғылым және жоғарғы білім министрінің м.а. 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығына сәйкес

қазақстандықтар үшін арнайы санат (*бұдан әрі – ауылдық санат*) енгізілді, олар магистр дәрежесін алуға стипендия тағайындау кезінде конкурстық іріктеуге жеңілдетілген шарттармен қатыса алады (*ауыл шаруашылығы бағыттары бойынша 100-ге жуық мамандық*).

Ауылдық санаттағыларға шет тілінің деңгейіне байланысты (*Қазақстанда – 9 айдан аспайтын, шетелде – 3 айдан аспайтын*) 12 айға дейінгі мерзімге тілдік курстардан өтуіне қаражат төленеді және жетекші шетелдік университеттерге түсу кезінде көмек көрсетіледі.

«Болашақ» бағдарламасының ауыл жастары үшін тартымдылығын арттыру мақсатында 2020 жылдан бастап «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ ЖАО-мен бірлесіп ауыл жастары үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. 2024 жылы бұл жұмыс «АМАНАТ» партиясының, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының өкілдерімен бірлесіп, ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша шетелде оқуға жастарды тарту мақсатында белсенді форматта жүргізілуде.

Аталған бағыттар бойынша жұмыс жалғасатын болады, мәселе Үкіметтің бақылауында.

О. Бектенов